


# ҒЫЛЫМ

## бийгіндегі азамат

**Ғылым жолы – ауыр жол. Бұл жол асқан ыжадағаттылықты, өз ісіне деген маҳаббатты, сарқылмайтын күшті және нақты мақсатты қажсет етеді. Осындаи жауапты жолды таңдал, ғұмырын білім және ғылымга арнаған Мырхалықов Жұмахан Үшкемпірұлының есімі елімізге кеңінен таныстал. Оның Қазақстандағы тоқыма өнеркәсібіне мамандар даярлауда Тараз мемлекеттік университетінде жаңа факультет ашып, Әуезов университетінде әлемдік деңгейдегі үздік жыгары оку орындарының қатарына қосудагы еңбегін атап өттеске болмас. М.Әуезов атындағы ОҚУ-да «Сәуір – ғалым айы» іс-шара-сы аясында академик Ж.Мырхалықовтың 70 жылдығына арналған «Ғылым: Цифрлық экономиканың сын-қатерлері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция үйімдастырылады.**



Конференцияға Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор, т.ғ.д. ҚР Ұлттық инженерлік ғылым академиясының академигі, Халықаралық инженерлік ғылымдар академиясының академигі Жұмахан Үшкемпірұлының ғылым белестеріндегі еңбектері арқа болмақ.

Тасын тұртсаң тарихтан сыр шертетін Тараздың жері әулиелі жерлер мен кесенендерге бай.

Мырхалықов Жұмахан Үшкемпірұлы дәл осы киелі мекенді жарып өтетін Асая өзенінің бойында Бірлесу еңбек ауылында дүниеге келген.

Ол 1976 жылы Мәскеудегі Еңбек Қызыл Тұарденді А.Н.Косыгин атындағы тоқыма институтын бітірді. Еңбек жолын 1976 жылы Жамбыл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының оқытушысы қызметінен бастаған. 1985 жылдан 1993 жылға дейін жіп ишіру фабрикасының директоры болып қосымша жұмыс істеді. 1995 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде Қазақстандағы тоқыма өнеркәсібіне мамандар даярлауға бағытталған алғашқы факультетін құрды. Галым жастайынан ғылыми ізденістерге именбей араласып, 1983 жылы Мәскеуде оқыған оку ордасында кандидаттық диссертациясын, 2007 жылы ҚР Ұлттық ғылым Академиясының механика және машина жасау институтында докторлық диссертациясын қорғады. Академик Ж.У.Мырхалықовтың 458 ғылыми-әдістемелік жұмысы жарияланған. Оның ішінде 50-ден астам оқулық пен оку құралдары, 57 патент пен авторлық куәліктері бар. Оның басшылығымен 5 кандидаттық, 40 магистрлік, 3 докторлық диссертация қоргалды. Ғалымның зерттеулері өндіріске, ғылыми-зерттеу жұмыстарына енгізіліп, КСРО Бүкілдақтық Халық Шаруашылығы Жетістіктері Қөрмесінің күміс медаліне ие болды.

Ж.У.Мырхалықов химиялық технология және жабдықтар, химия, құрылым, женіл өнеркәсіптегі жаңа материалдар, медициналық және арнайы мақсаттағы жаңа тоқыма материалдарын алу, сондай-ақ, Қазақстанның оңтүстігінде тоқыма кластерін кадрлық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Үнемі ізденістегі азамат ғылым саласындаға емес, Оңтүстік Қазақстан облысының мақтатоқыма кластерін үйімдастыруға және «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) құрылудың қатысты, кадрларды даярлау мәселелері жөніндегі сараптамалық көңестің мүшесі және «Оңтүстік» АЭА-да жыл сайынды семинар-көңестің үйімдастыру комитетінің тұрақты тәрагасы болды.

Ұстаз, ғалым, басшы еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік саласын дамытуға да өз үлесін кости. Айтальық, 1999-2007 жылдары Тараз қалалық мәслихатының бірінші және екінші шақырылымдарының депутаты болып сайланды, онда білім және ғылым жөніндегі комиссияны басқарды. Қазіргі таңда ол «Инновация және технологиялық жаңырту, ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директоры, Қазақ Ұлттық инженерлік академиясы Оңтүстік филиалының директоры жұмыстарын атқаруда. «Industrial technology and engineering» халықаралық ғылыми журналының, «Процестер мен технологиялардың механикасы және модельдеу», «Оңтүстік Қазақстанның ғылымы мен білімі» республикалық ғылыми журналдарының редакциялық алқаларының мүшесі болып табылады.

Атпал азаматтың өнегелі өмірі мен көп жылдың еңбегі еленбей қалған жоқ. Кадрларды даярлаудағы жетістіктері, білім мен ғылымды дамытқаны үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі (2004 жыл), ОҚО-ның 80 жылдығы-

Жұмахан Үшкемпірұлы 2008-2011 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің факультет деканы, институт директоры, инновациялық қызмет жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. 2012-2018 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры болды. Университетті басқару кезеңінде Ж.Ү.Мырхалықов ЖОО-ның ғылыми және зерттеу әлеуетін нығайту бойынша үйімдастыруышылық жұмыс жүргізді, бұл ЖОО-ға Қазақстан Республикасының жетекші ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтарының бірі болуга және QS үздік жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінің ТОП 501+ қатарына кіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, іске көрсетілген университет жаңынан шағын инновациялық өндірістер құруға баста-машы болды. Оның негізінде оқу ордасында ғылыми жобаларды коммерцияландыру қамтамасыз етілді, жаңа жұмыс орындары құрылды. Ж. Үшкемпірұлы Әуезов университеттіне басшылық еткен жылдары оның жетекшілігімен ЖОО-ны зерттеу университеттіне трансформациялау бағдарламасы өзірленіп, ол іске асырылды және ғылымды басқарудың жаңа жүйесі енгізілді. Сол жылдары 9 ғылыми институт, 10 ғылыми орталық және 28 оқу-зерттеу зертханалары мен өндірістік кешендер ашылды. Оның басшылығымен білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту бойынша нақты жұмыстар жүзеге асты. Еуроинженер, Еуробакалавр, Еуроинформатик Еуропалық сапа белгісін бере отырып, ASIIN неміс агенттігінде бірқатар білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу жүргізілді. Еуропалық комиссия және NATO бағдарламасы қаржыландыратын ірі халық-аралық ғылыми жобалары, Қазақстан мен Ұлыбританияның INSPRE бағдарламасының ұзақ мерзімді әріптестігі шенберінде «Ғылым және білім саласындағы халықаралық стратегиялық әріптес-тік» жобасы қолға алынды.

на орай «Облысқа сінірген еңбегі үшін» медалі (2012 жыл), Білім және ғылым көсіподакта-ры республикалық кеңесінің «Білім және ғылым қызметкерлерінің көсіподагына сінірген еңбегі үшін» тәсбелгісі (2012 жыл), «Қазақстан Даңқы» құрметті ордені, Ресей Федерациясы Ресей Жаратылыстану академиясының «За новаторскую работу в области высшего образование» алтын медалі, Ресей Федерациясы Ресей жаратылыстану академиясының «За вклад в развитие изобретательства» А.Нобель медалі, Қазақстан халқы ассағблейесының «Бірлік» алтын медалі, ҚР құрметті инженері (2012 жыл), «Құрмет» ордені (2012 жыл), «Қазақстан Республикасының инженерлік ісін дамытудағы еңбегі үшін» тәсбелгісі (2013 жыл), Қазақстан Республикасы Олимпиада комитетінің алтын медалі (2014 жыл), ҚР білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесі үшін, новаторлық ұсыныстар және жаңа буын мамандарды даярлауды инновациялық істе-рі үшін А.Байтұрсынов атындағы алтын медалі (2015 жыл), Ы.Алтынсарин атындағы меда-лімен марарапатталған (2016 жыл). Сондай-ақ, Алматы облысы Жамбыл ауданының құрметті азаматы (2016 жыл), Оңтүстік Қазақстан облы-сының құрметті азаматы (2018 жыл) атагы берілген.

Осындаи абырой биғіндегі Жұмахан аға-мызың бүгінде 70-ке жетіп, мереілі жасқа аяқ басты. Ол ғылым, білім жолында табысқа жетіп, нағыз даналықтың шынына жеткен арда тұлға. Білікті ғалым-ұстаз ретінде отандық ғылым саласының дамуына әлі де талай еңбек сініретініне сенімдіміз!

**Ұлжалғас НАЗАРБЕК,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ**  
**академиялық ғылым**  
**департаментінің**  
**директоры, PhD.**